


МЕНИҚ КАЗАКСТАНЫМ




*Б. Эдіразов*

# СЫР САЗДАРЫ



**Б. Эбдіразаков**

Жы . 633 19 —  
2 14



**СЫР  
САЗДАРЫ**

(Қызылорда облысы туралы кітап)



«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ АЛМАТЫ — 1980

Каз 2  
Ә 14

Әбдіразақов Байжігіт.


Ә 14 Сыр саздары: (Қызылорда обл. туралы кітап.) — Алматы:  
Жалын, 1980.—88 бет., 4 б. т. ил.— (Менің Қазақстаным.)

Журналист Байжігіт Әбдіразақовтың «Менің Қазақстаным» атты сериямен шығып отырган «Сыр саздары» атты бұл кітабы ақ күршіті аймақ—Қызылорда облысының даңқты ұлдары мен қыздарының дәстүрлі істері жайлы сыр шертеді.

А 70803—204 102—79—4702230200

Каз 2

© «Жалын» баспасы — 1980  
Инв. № 56840



## КІЛТ

Географиялық жағынан Тұран ойпатына жататын, шығысы қарт Қаратауға, батысы айдынды Аралға астасатын Сыр өңірі — жері байтак, сүйшілдегі шалқар елке. Оның оңтүстігі Қызылқұмның бүйрет-бүйрет құмдарының құшағына еніп, теріскейі атақты Арысқұм, Сарысу алқабымен жалғасады. Цифр тілімен сөйлесек, облыстың жер көлемі — 227 мың шаршы километр. Қазір сегіз ауданы, төрт қаласы, 80-ге жуық колхоз, совхозы бар облыс жерінде бес жүз мыңдан астам халық тұрады. Жасампаз өміріміздің жарқын болашағы жолында отыздан астам үлттың өкілі ұйымшылдықпен ешбек етеді.

Облыстың күба жондарында төрт түлік түгел өрсе, суармалы алқаптарда дәнді дақыл, бау-бақша, жеміс-жидек жайқалады. Құміс түкті күрішті айтпағанда, Сыр диқандары тіл үйірер тәтті қауын өсіріп те даңққа бөлениген.

‘Сыр бойы пайдалы өсімдіктер мен жан-жануарларға аса бай. Шөлейт өңірлерінде сексеуіл, бұйырғын, жусан, бетеге, еркек, желек кеседі. Өзен, көл жағалаулары жыңғылды, жидекті келеді. Қыраттарда тораңғы, тобылғы бой көрсетеді. Қырда қарақүйрек, ақбөкен жортса, ойда алтын қанат қырғауыл, қырмызы түлкі мекен етеді.

Облыстың ауа райы континентальды. Жаз айлары құрғактау, жауын-шашын сирек. Шілде мен тамызда ыстық 40 градусқа дейін көтеріледі. Қысы сүйк. Қантардың қақаған аяздарына мықтының мықтысы ғана шыдайды. Бірақ, көктемі мен күзі шуақты да шырайлы.

Қазіргі Қызылорда бұрын Ақмешіт атанған. Ақмешіт — бір кездегі Қоқан хандығының бекінісі. Бір жағынан Сырдария уезінің орталығы. 1853 жылы Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перов-

сқийдің басқаруымен орыс әскерлері Ақмешітті қоқандықтардың қол астынан азат етеді. Осыған орай қалаға Перовск аты берілген. Перовск кезінде қалада екі кірпіш заводы, бір жел диірмен, сыра қайнататын, май дайындастын ұсақ кәсіпшіліктер болған. Орынбор — Ташкент темір жолының салынуына байланысты депо, вокзал үйі, басқа да объектілер бой көтерді. Соның өзінде бір гарнizon офицері: «Бұл жерде өмір сүру өте қын» деп жазған екен күнделігіне. Сол офицер қазір тірі болса, мұлде басқаша саңтар еді. Тәулігіне 300 тонна құрама жем, 750 тонна ақ күріш дайындастын астық комбинаты, жылына 20 миллион сомның өнімін шыгаратын қағаз-картон комбинаты, балық өнеркәсібі бірлестігі, силикат заводы, аяқ кім фабрикасы облыс өнеркәсібінде қуатты күшке айналып отыр.

Қағаз-картон комбинаты отандық және шетелдік станоктармен жабдықталған. Бұнда қағаз-картон бүйімдары жасалады. Комбинатта үш мыңға жуық жұмысшы бар. Оның 80 проценті жалын атқан жастар.

Ал балық өнеркәсібі бірлестігі жылына 100 мың центнер өнім өндіреді. Мұнда Одақ көлемінде екінші орын алатын ыстау өчінің үшінде оның 80 проценті жалын атқан жастар.

Аяқкиім фабрикасында өнімнің жеті үлгісіне мемлекеттік сапа белгісі берілген.

Қазір Сыр өңірінде 60-қа жуық кәсіпорын, осы заманғы озық үлгімен салынған мәдениет сарайы, драма театры, екі институт, ондаған ариаулы оқу орындары мен балалар мекемелері бар.

Сыр бойы — жыр мекені, шежіре мекені. Мұнда Украинаның ұлы ақыны Тарас Григорьевич Шевченко келген. Ұлы кобзарь көкірегі сахарадай кең, үлкен жүректі қазақ жұрттымен етене танысты. Ол Арас топырағына шыбық отырғызды, оны көктетті. Қазір Қосаралдағы алып бәйтерек осы!

«Қосарал!» Ақынның асыт ойынан, канатты құялынан жарып шықкан жыр еді бұл. Ұлы кобзарьдың мұнда қалдырған мұрасы көп. Ол 20-та жуық сурет салды, 70-тен астам өлең жазды. Ақын туындыларын қазір балықшылар семьясының қақ төрінен көруге болады.

Тарас Григорьевич теңізде жүзді, жағада тунеді. Жайлайға да шықты. Озбыр күштің құрсауында жүрсе де, сол кездегі қын тіршіліктің көрінісін жасырмады. «Қыры жоқ кең даланы,— деп жазды шерлі ақын,— бұдырсыз ақ селеу жауып жатыр. Әруақтай ербіл көңілге қорқыныш тудырады. Шегіртке екеш шегірткенің шырылы да, құстың үні де естілмейді. Тіпті кесіртке де жорғаламайды. Меч-реу, мылқау бір дала».

Сол өңірді бүгін көрсөніз. Дала келбеті адам айтса нанғысыз бол езгерген. Мұнда шағын қалашықтар орнаған. Жаңа совхоздар қоныс тепкен. Совхозды ауылдың туні қандай сұлу, Ильич нұры алты қырдың астынан жарқырап көрінеді.

Орыс халқының озық ойлы адамдары Сыр өңіріне дәйімі назар аударып отырған. Академик Берг, Семенов Тянь-Шанский Қазалы

кітапханаларына өз еңбектерін сыйға тартқан. Мұнда революция жылдары Перовск большевиктерінің ықпалды тобы жұмыс жүргізген. Қазалыдан көптеген партия, совет кайраткерлері, әдебиет пен өнердің ірі өкілдері шыққан. Қазалы — Шығыс жастарының жарық жұлдызы Ғани Мұратбаевтың туған жері. Қазалы — бұлбұл әнші Роза Бағланованың да үшқан үясы.

«Сырдың елі — жырдың елі» деген канатты сөзде шындықтың шыжымы бар. Балқы-Базар, Қарасақал-Ерімбет, Кете-Жұсіп, Шораяқтың Омары жырдан күмбез орнатқан өлең сөздің хас шеберлері болған. Олардың дәстүрлерін Тұрмағамбет Ізтілеуов, Рұстембек Жиенбайұлы, Қуаныш Баймағанбетов шеберлікпен жалғастырган. Нартай Бекежанов, Әлібек Бәйкенов, Төлеубай Үркімбаев, Байназар Өтепов замән ұлылығын жырлаған халық ақындары еді.

Әбділда Тәжібаевтың, Әбдіжеміл Нұрпейісовтың, Асқар Тоқмағанбетовтың, Зейнолла Шукіровтың соңынан өкшелей ерген бір топ ақын, жазушылар творчество әлеміне өз қолтаңбаларын айқын туусіре бастады.

Сүйсінерлік бір жай, жыраулық өнердің желісін жаңа буындар жалғастырып жүр, Шамшат Төлепова, Манап Қекенов, Бидас Рұстембеков, Әбдірахман Батыrbеков халық мұраларын шеберлікпен насиҳаттауда. Сыр бойында күй шеберлері көптеп саналады. Құрактың Досжаны, Елеукеев Жалдыбай, Бектібайұлы Әлшекей нағыз аузымен құс тістеген жүйріктер еді. Олардың шығармалары күй табаққа жазылып алынды.

Іргелі мәдениеті, күрделі оқуы жоқ жерде профессионалдық өнер дамымақ емес. Республика астанасының 1925 жылы Қызылордаға орнығы облыстың әлеуметтік-экономикалық мәдени өмірінде үлкен жаңалық болды. Сол жылы Советтердің Бүкіл қазақстандық бесінші съезі өтті де, оның шешімі бойынша Ақмешіт астанаға айналды.

Көне қала күн өткен сайын құлпырып сала берді. Тұрғын үйлер меп мекемелер көбейе түсті. Эпидемиология, микробиология, гигиена институттарының лабораториялары құрылды. Жер қыртысын зерттеу, малдәрігерлік-бактериологиялық институттары ірге тебе бастады. Бұған қоса совет-партия мектебі, халық-ағарту институты, рабфак, транспорт, финанс техникумы, басқа да толып жатқан оқу орындары ашылды.

М. Әузев атындағы мемлекеттік академиялық драма театры өзінің творчестволық жұмысын 1926 жылы осы қалада бастады.

Қызылордада «Еңбекші қазақ» («Социалистік Қазақстан»), «Советская степь» («Казахстанская правда») газеттері жарық көрді. 1938 жылы Қызылорда облысы құрылыш, оның құрамына Арал, Қазалы, Қармақшы, Тереңезек, Сырдария, Жаңақорған аудандары енді.

Өнер-білім өркені Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында да үзілген жоқ. «Қызылордалықтардың қының күндерде бізге көрсеткен туысқандық көмегін еш уақытта ұмытпаймыз», — деп жазды Украина жазушысы Антон Хижняк.

Шынында, бұл кездері қалаға Киевтің, Харьковтың, Одессаның университеттері көшіп келген еді. Москвандың ауыл шаруашылығын механикаландыру, Қырым медицина институты, тағы бірқатар оқу орындары осында жайғасты.

Университет ғалымдары Қазақстан тарихы мен облыс өмірін жете зерттең, бағалы еңбектер жазды. Ал дәрігер-ғалымдар емдеу-профилактикалық мекемелерге орасан зор көмек көрсетті.

Қаладағы байырғы оқу орны — педагогикалық институт 1937 жылы Қыыр Шығыстан қоныс аударған болатын. 1958 жылы оған Н. В. Гоголь есімі берілді. Бұрын екі-ақ факультеті бар институт қазір үлкен ғылым отауына айналған. Мұнда 27 кафедра, 12 лаборатория бар. Институтта 20 мыңдан астам педагог кадрлар даярланды.

Ал мәдениет саласын сөз еткенде, алдымен Н. Бекежанов атындағы драма театры ойға оралады. Бұл өзі Жаңақорғандағы халық театры негізінде құрылған-ды. 1960 жылы Қызылордаға біржола орналасты. Шымылдығын F. Мұсіреповтың «Ақан сері — Ақтоқты» трагедиясымен ашқан бұл театр қазір үздік шығармаларды сахнаға шығаруда.

Қалада жаңа пайда болған Титов, Гагарин аудандарында да әсем клубтар мен мәдени мекемелер алыстан көз тартады. Сыр жағалауындағы Мұратбаев атындағы стадион спорт сүйгіш қауымның сүйікті мекені іспетті.

Облыс экономикасында егіншілік кәсібі ең маңызды, ең шешуші роль атқарады. Қаратау, Арал аралығындағы ойпаттарда жылмажыл 75-80 мың гектар күріш жайқалып өседі. Ал күріш дегенің — Сыр диқандарының сүйікті дақылы, маңдайға тұтар мақтанышы. Қызылордалықтар соңғы жылдары мемлекетке 18—19 миллион пүг астық тапсырды, мұның өзі бұрынғы кезде алмаған асу, шықпаған белес.

Осыншама шырқау табыстың сырғы партиямыздың аграрлық саясатының дұрыстығына айғақ, суармалы егіншіліктің өрісін кеңейту-дегі аталық қамқорлығының арқасы екені сөзсіз. Миллиондаған сом қаржы жұмсалған Қызылорда плотинасы, Қазалы су торабы, «Оң жаға», «Сол жаға», «Шіркейлі», «Әйтек», «Тұгіскен» аталатын магистралдық каналдар егіншіліктің жүргегі мен күретамыры іспетті. Қаншама трестер мен құрылыш үйымдары егістік жерді инженерлік жүйеге келтіруде орасан зор жұмыстар атқарып жатыр десеңізші.

Осыған орай мына бір салыстырмалы деректерді сөз етудің артықшылығы болмас. Бір кезде гектарына 40-45 центнерден өнім алған егіншілер үлкен жиындарда көтеріңкі үнмен мақталып жүрді.

Ал қазір мұндай өнім облыстың орта көрсеткішіне тең болып отыр. Облыс дикандары осыдан он жыл бұрын мемлекетке 3,5 миллион пүт астық тапсырса, енді бүгін бір ғана Жалағаш ауданы одан екі жарым есе артық өндіреді.

Мол күріш өндіруге жеке еңбек озаттары мен тұтас коллективтердің өнегесі елеулі ықпал жасап отырғаны анық. Даңқты дикан, дала алыбы Үбірай Жақаев облыс егіншілеріне арнаш хат жазып, оларды табыстың тай қазанын тасытуға шақырған еді. Сол сол-ақ екен, күріш атасының сөзін қолдаған тамаша қозғалыс басталып кетті. Бұл күндері жақаевшылар облыс астығының 60 процентін өндіреді.

### ТАСТАРҒА ТІЛ БІТСЕ...

Тас ескерткіш мұлгіп тұр. Оның қарасұр қабыргасынан тек сұық таңбалар ғана көзге шалынады. Гранит тұғыр астында күрес күндерінің құрбандары мәңгі үйқыда жатыр. Тіріде тізе қосып азаттық үшін алысқан олар өлгенде де дос құшақтарын жазыспағы. Мына ескерткіш ерлік өнегемен бірге сол тастайін тұтастыққа да арналып соғылғандай.

Бұдан соң тастағы жазулар бас көшелерге ауысады. Ерлер есімі Червяков, Селиверстов, Зубенко, Войтинцев болып жалғаса береді. Бұл атаулар қызылордалықтар үшін зор мактанды. Тегінде, таза ерлік керуені алыстаған сайын, алтын шоқыдай жарқырай түсетін секілді гой. Николай Федорович Селиверстовтың жауынгер отрядының жасақталғанына талай қыс, талай көктем өткен екен. Осынау мерзімде қаншама оқиғалар ескіріп, қаншама оқиғалар тарих бетіне жазылды десеңізші.

Байырғы паровозшы Селиверстов Сыр бойындағы қалаға салтанатты сапармен келмеген еді. Ол тәуелсіздікті, тәңдікті жақтағаны үшін патшалық озбыр күштерден құғын көрді. Үні шықпас қиян түкпірге еріксіз жөнелтілді. Бірақ, азаматтың бағына қарай, мұнда жауынгер топтар бар еді. Перовскіде социал-демократиялық үйім 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде-ақ құрылған-ды. Сол үйім маевкаларда қоғамдық-саяси құрылышты өзгерту жөнінде үн көтерді. Депо жұмысшылары көтеріліс жасап, Туркстан жағынан келе жатқан жүк поездарын үш тәулік бойы тоқтатып қойды. Ал 1917 жылғы февраль революциясынан кейін-ақ мұнда патша өкіметінің жергілікті өкімшіліктері түгелдей құлатылды. Енді Перовск партия үйімінің алдында аса маңызды міндеттер тұрды. Соның ең бастысы — революция жеңісін қорғап қалу үшін жаңа жасақ, жасаулы отряд құру керек болды. Ұақыттың өзі корғана білүмен бірге тосын шабуылдарға қарсы шығуды да еске салды. Мұндай жауапты істі басқаруға симбирскілік большевик Н. Ф. Селиверстов лайық еді. Қызыл командир өз отрядына қайратты, қарулы жігіттер-

ді ірікten алды. Мұның өзі бір жағынан интернационалдық колектив те болды. Жауынгерлік сапта басқа ұлттардың өкілдерімен бірге Бекенбай Олжабаев, Ақберген Таңсықбаев, Серғазы Ополхожаев сынды қазақтар да журді.

Бұл кезде Орталық Россия мен Қазақстанды және Орта Азияны жалғастыратын Орынбор қаласы атаман Дутовтың қолында-тұғын. Ашулы генерал берік бекініс жасап, Сібірге дейінгі жалпак әлемге үстемдік жүргізбекші болды.

Ал кеменгер көсемнің қырағы жанары майдан шебінен әсте айнаған жоқ. В. И. Ленин соғыс комисариатына былай деп тұжырымды тапсырма берді: «Дутовқа қарсы шұғыл турде әскери көмек қажет. Бұл мәселені тез қараң, жедел шешулерізді сұраймын».

Арада аз күн өтпей, Орынбор майданына Петроградтан, Еділ жағалауынан, Оралдан қызылгвардияшылар аттанды. Бұл жақтан Ташкент, Перовск партизандары ірге көтерді. Әліби Жанкелдин отряды қия шөлді кесіп өтіп, Арас төңірегіне қару-жарак жеткізді.

Ақгвардияшылармен алғашқы шайқас 1918 жылдың қантарында басталған еді. Перовск партизандары Илецкінің теріскей беткейінө берік бекінген-ді. Аш бөрідей ұлыған қарлы боранға ысқырған оқтың үні қосылып, ажал мен үрей қоса-қабат дабыл қақты. Отрядтағылар үш күн, үш түн көз ілген жоқ. Екі жақ бірін-бірі ала алмай, көп тіресті. Төртінші тәулікте барып дутовшылар сәл ғана шегініс жасады. Бірақ олар тың күшпен қайта толықтырылып, оқыстан бел алып кетті. Қүші басым жауды көзсіз ерлікпен жеңе алмасын білген отряд командирі Селиверстов енді тапқыр тәсілге көшті. Айналасына ақылы, қайратына қимылы сай жігіттерден барлаушылар үйімдастырыды. Мақсат — дүшпанның осал буынын тап басып, дәл анықтау еді. Ержүрек жауынгерлер қараңғы тұнде бораған оқтың астымен бұқпантайлап барып, жау офицерін қолға түсірді. Жаңа «тіл» қарсы шабуылдың бағдарын, қару-жарак қоймасын, штаб үйін айнақатесіз айтып берді. Қосымша бақылау әлгі деректің шындығын тағы да айқындаі түсті. Отрядтан, қосымша батальоннан жасақталған қарулы топ жау қоймасына тұтқылдан тиісіп, күл-талқан етті. Сосын-ақ дутовшылар берекесіздікке ұшырап, қайыра ес жия алмаған.

Перовск большевиктері майдандағыларды азық-тұлікпен, басқа да қажеттермен қамтамасыз етуде аса зор шараларды жүзеге асырды. Түйе керуенін үйімдастырып, Атбасардан азық алдырыды. Паровозды сексеуіл отынымен жүргізіп, оңтүстік аудандарда жүйелі қатынас орнатты. Қазалы, Арас аудандарында тегеурінді күштердің басын біріктірді.

Перовск отрядын тағы да қауіпті де қатерлі сапарлар күтіп тұрды. Ауыр сыннан өткен қызыл қырандарды Түркстан Орталық атқару комитеті түркмен жеріндегі басмашыларды талқандауға жіберді. Бұдан соң Ташкенттегі Осиповтың бұліншілігін басуға аттандырыды.

Осипов қарақшылары Түркстан республикасының комиссарларын зұлымдықпен өлтіріп, орны толмас өкінішке қалдырыған еді, Перовск отряды осиповшыларды ұрымтал тұстап тосып, талқандады.

Жаужүрек отряд Ферғана маңындағы қарулы бандаларды талқандауға, Қоқан үкіметін құлатуға да қатысты. Құрес пен жеңіс жолы осымен аяқталуға тиіс еді. Ақтөбе жағынан тағы да соғыстың қара бұлты бүрк ете түсті. Перовск жауынгерлері Қандығаш түбіндегі шайқаста өшпес ерліктің өнегесін көрсетті. Осы ұрысқа қатысқан Серғазы Ополхожаевпен біз талай-талай дидарласқан едік. Найза бойлы, кең маңдайлы, ер мұрынды қарт кере қарыс сақалын сипай отырып, ағыл-тегіл сыр қозғайтын. Кейде бірін айтып, біріне кететін. Жүйесіздікті көріліктің мойнына аударып, әденкі әңгімесіне қайта ауысатын. Станция қақпасында жеңдеттерді жусатып салған зеңбірекшілер — Бессмертный мен Егоровтың ерлігін ерекше шабытпен баяндайтын.

Қарт көкірегі қақырап кеткендей бір сэтте:

— Сол өкініш жатсам-тұрсаң ойынан бір кетпейді,— деген еді ол.— Ауыр шайқаста қолбасшымыз мерт болды. Оның өлімінің өзі өшпес ерліктің үлгісіндей еді. Қеудесін шұрқ-шұрқ оқ тескен Николай Федорович жау қолында қалмай, ат жалын құшып, шабқа жетті. Оның жанарынан ұлы жеңіске, жарқын болашаққа деген сенім айқын сезіліп тұрды. Құрмелген тіл, шалажансар денеден біз басқаны аңғара алмадық. Сонымен, қайран ер қайтыс болды.

Кейінгі бір жолығысуда қарт партизан Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жол-сапарын әңгімелеген-ді. Бұлар қалың ормандар мен батпақты жағалауларды қиялаң өтіп, қоршауда қалған ленинградтықтарға азық-тұлік жеткізген. Талай рет құзғындағы қаптаған жау самолеті оғы астында опат бола жаздаған. Өмір өзегі — Ладога көлін өз көзімен көрген. Аштық пен ажалға қасқая қарсы тұрған совет жауынгерлерінің өр тұлғасын көріп сүйсінген.

— Майданға ел сәлемін, елге майдангер сәлемін жеткізуден артықabyрой жок қой,— дейтін ол серпінді үнмен.

Енді ардагер ақсақалдың көзі жок, қойын дәптерде жөргем-жөргем сезі ғана бар.

Ерлік дәстүрін еңбекпен жалғастырыған Қызылорда локомотив депосы жұмысшылары бір жылда 50 мың киловатт-сағат электр құатын үнемдеді. Рационализаторлар өндіріске 182 ұсыныс енгізіп, 65 мың сом пайда келтірді.

Мұнда 30-ға жуық ұлттың өкілі бар. Мыңнан астам жұмысшының біріктірғен тамаша коллектив 150 пункттен тұратын техникалық-ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруда.

Социалистік жарыс барлық жерде қанат жайған. Жарыс жулдерінің ардагерлер есімімен аталуы жүрек толқытарлық. Депода Николай Селиверстов атындағы жүлде белгіленіп, оны коммунистік еңбек екпіндісі, машинист Олжабай Қошанов жеңіп алды. Осы еңбек

жерісіне орай салтанатты жын өткен-ді. Жиында өндіріс озаттары шығып сөйлеп, бәрі де жеңімпаздар қатарына қосылатындықтарына үәде берді. Ал кейінгі толқын — жастар болса, аға үрпақтың ерлік дәстүрін еселі еңбекпен жалғастыратындықтарына сенім білдірді.

Кейінгі кезде және бір жақсы дәстүр қалыптасты. Жеңімпаздар деподағы Революциялық даңқ музейіне арнайы согады. Мұнда олар лениндік ұлы идеяның туын жоғары үстап, нұрлы болашақ үшін қаза тапқандардың алдында құрметпен бас иеді.

## ШАПАГАТ

«Арал теңізіндегі жұмысшылар мен балықшы жолдастарға  
Қымбатты жолдастар!

Орасан ауырталық — бүкіл Поволжье және Приуральенің бір бөлігі ұшырап отырған адам айтқысыз ашаршылық туралы хабар Сіздерге де жеткен болар...

Сіздер Арал теңізінде балықты аз ұстамайсыздар. Соңдықтан да онша тарықпай-ақ күн көресіздер. Ұстаған балықтарыңыздың біразын аштықтан ісінген шалдар мен кемпірлер үшін, ашығып жүріп жерді ұқсатып, бүкіл ауыр жұмысты атқарып келген 8 миллион еңбеккөр үшін, ақырында, жүрттың бәрінен бұрын қырылуы мүмкін жеті миллион балалар үшін бөліңдер.

Қымбатты жолдастар, Арал балықшылары мен жұмысшылары, жомарттық етіңіздер! Сіздер адамзат арына лайық іс атқарып қана қоймайсыздар, сонымен қатар жұмыспы революциясының ісін нығайтасыздар. Өйткені, сіздер, бір-бірінен шалғай жүрген пролетариат-қа көмек көрсету негізіне Совет мемлекеті қуатының мызымастырын бүкіл дүние жүзіне паш етесіздер.

Бүкіл жұмысшы табы Поволжьенің ауыр жарасын жазуға бір кісідей жұмылып аттансын, ал құнарлы Поволжье алдағы жылдарда өз астығымен мұның қарымын қайтарады. Совет өкіметін, жеңіп алынған бостандықты бүкіл дүние жүзі капиталистерінің жауыздық қастандықтарына қарсы біз тек осындаид жолмен тана қорғап қала аламыз.

Халық Комиссарлары Советінің председателі  
*B. Ульянов (ЛЕНИН)*  
7 октябрь, 1921 жыл».

Осы бір жүрек тебірентерлік сөзді алдымен естіген Арал азаматы Төлеген Медетбаев еді. Совдеп председателі қатты толқыды.

Ел ағасы суыт аттанып кетті. Жанында сенімді серіктегі бар. Бұл өңірдің бел-белесі, сай-саласы оның алақанында. Алыс аралдары мен қолтық-қойнауларын да қанық біледі. Сөзі өтімді, аузы дуалы адамдарын да қапысыз таниды. Осындаид қын кезенде бақайдав

шалғыш бақастарды да етеп сезеді. Осының бәрін салмақтап, аса тиімді шараларды үйымдастыруы керек-ақ.

Сарабдал басшының тағы бір ішке түйген сырғы бар. Қазір мезгіл не жаз емес, не қыс емес. Суық күз санаулы күннен кейін абыржыға үласады. Ал абыржы дегеніңіз — балықшының от басында омалып отырып қалар шағы. Сондықтан қара су кезінде теңіз түбін тереңнен қамтып қалғандары абзal. Мұз ұстаса қалғанда, су маржанын қойнау-колтықтардан сұзеді. Жағалауларда сартабан шана, қабырғалы атандар, қақпан бел нар-қоспактар әзір тұруға тиіс. Дайындалған өнімді темір жол бойына жеткізетін көлік осылар ғана.

Әрине, жүрек сөзін жүрекке жеткізу үшін де шеберлік керек. Сол себепті совдең председателі қасындағыларға шешен сөйлеудің қажеттігін ескертті. Балықшы жүрт іске мығым келгенімен, сөз тыңдауға шорқақтық байқатады. Қесем хаты олардың қойын-қоншында жүрсе, іске сенімдірек кіріседі. Осыған орай қасиетті документті бірнеше дана етіп көшірудің де пайдасы бар.

Құс қанатындай хат бүкіл Бөгөн бойын, Қаратерен өңірін, Авань, Ақбасты айдынын түгел шарлап кетті. Ау тартқан, жылым сүйреткен балықшылар қесем өтінішін орындауға берік бекінді. Балық аулаудың арғы-бергі тәсілдері барынша қамтылды. Қар жастаңып, мұз төсөнген күндер, дауылмен алысып, жауынмен жағаласқан мезгілдер артта қалды. Теңіз ризығы аз емес екен. Жағалауда ақ бауыртырандар мен сары желке сазандар төбе-төбе бол үйіліп жатты.

Сол ер қауымның өкілі Жұмабай Әлішев былай дейді:

— Мен ол кезде он алты-ақ жаста едім. Бірақ керуеншілер мені жассынған жоқ. Арапта жол болмай қалғанда, қигаштағы Қамбаш станциясына бірге алып кетті. Сол станциядан балық тиедік. Қайтарда қақаған аязда далаға түнедік. Соңда да менің серіктерім сыр берген емес. Қесем аманатын орындағандарына қуанышты еді.

Қызыл вагонға соңғы түйенің жүгі артылды. Он төртінші вагонның есігі бекітілді. Совдең председателі қолына бір парак қағаз алып: «Қымбатты Ильич,— деп жазды.— Сіздің өтінішіңіз бойынша он төрт вагон балық жөнелтілді. Бұл істе Бөгөн балықшылары ерекше көзге тұсті».

Кеменгер қесемнің аралдықтарға осыншама сенім артып, өтініш жолдауында өзгеше мәніс бар-ды. Мұнда большевиктер басқартған ықпалды топ революция жеңісін интервенция мен тап жауларынан қорғауда тамаша енеге көрсетті. Ақғвардияшыл генералдар Арап қаласын жойқын күшпен басып алып, өздерінің әскерлері мен соғыс техникаларын теңіз арқылы және шығыс жақ жағалаумен Нөкіс, Шымбай қалаларына жеткізуді көздеген еді. Мұнан соң Хиуда бүліншілігіне араласып, Иран аспақшы болған.

Жау жоспарын күйретудің ең тиімді жолы — мықты бекініс жасап, күш-мүмкіндікті жинақтап, қолайлы сәтте шабуылға шығу еді. Бұл шараны үйымдастыру совдең мүшелеріне жүктелінді. Осы істе

М. Данияров, М. Бәйімбетов, С. Бормотов, Р. Хамзин, тағы басқа да құрескерлер айрықша көзге түсті. Олар еркіті жауынгерлік отрядтар құрып, соғыс флотилиясын ұйымдастырды. Қала тұрғындарын қорғаныс шебіне жаппай жұмылдырды. Бұл кезде жау спарядтары флоттар мен су мұнараларына түсіп жатқан-ды. Ақырында, ауыр шайқас басталып та кетті. Бұл шайқас кейін ірі жеңіспен аяқталды. Арал Совдепі Түркстан майданының революциялық соғыс советіне мынадай мазмұнда телеграмма жолдады: «Жаудың жеңіліс табуына байланысты 1919 жылдың бірінші сентябрінде Арал қаласында мереке өткізіледі. Мерекеде әскери парад, манифестация және митинг болады».

Осы жеңіс жолында өшпес ерліктің үлгісін көрсеткен құрескерлерді аралдықтар айрықша ықыласпен еске алады. Ол ерлер: У. Қосымов, Ш. Ранов, Р. Рубенцов, М. Данияров, П. Золотский, Н. Жұбанов және басқалар еді.

Аға ұрпақтардың ерлік ісі ерең енбекпен жалғасты. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Аралда алты миллион 200 мың центрер балық ауланды. Мұндағы шаруашылықтар мен майда кәсіпорындар ірілендіріліп, ірі заводтар, қуатты базалар құрылды. Өндірістегі іргелі өзгерістер балықпыштар қауымын пігі іске құлпындыра түсті. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттығына қатарынан үш рет сайланған Бақыт Рысқалов, Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденді Ұлдай Есменбетова, Құләй Кенжебаева айдынды өңірдің жарық жұлдыздары болды. Ұлы Отан соғысы жылдары Құлнаш Бейсенова мен Ұштап Өтеулиева алдыңғы толқындардың асыл дәстүрлерін жалғастырып әкетті. Бұл күндері Социалистік Еңбек Ері Төлеген Әлімбетовтың, КПСС XXIII съезінің делегаты Нарғали Демеуовтың, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Д. Қалабаевтың тамаша ізбасарлары бар.

В. И. Ленин әрдайым жақсылықтың қарымын шапағатты іспен қайыруға зер салған ғой. Сол қын-қыстау күндердің өзінде балық өндірісінің техникалық базасын нығайтуға үнемі көніл бөліп отырған. Еңбек және қорғаныс комиссиясына жазған мына бір хатқа ойлы көзбен үціліп көрейікші: «Аралдың кеме жөндеу құрылыштары үшін «Парсенес» системалы екі және «Артур Коппэл» системалы төрт экскаваторға, токарлық және фрезерлік станоктарға берген Туркыбаның заявкасын 24 сағаттың ішінде қарауды тапсырамын. Туркыбаның жұмысын табысты болуының оте-мөте елеулі маңызы бар екендігіне Сіздің назарыңызды аударамын. Пайдалану комиссиясының мәжілісіне Туркыбаның өкілі Сафонов жалдасты шақыру қажет.

В. Ульянов (ЛЕНИН)  
17 октябрь, 1921 жыл.

Кеме жасау заводының гүлмен көмкөрілген ауласында әдемі әдіптелген ғажайып станок тұр. Оның қасында Владимир Ильичтің бейнесі көзге шалынады. Күн көсемнің бір сезі айшықты әріптермен засем өріліпті: «Біз коммунистік еңбек женсіне жетеміз!» Осы бір қастерлі де қасиетті мекенге аралдықтар күн сайын ағылыш келіп жатады. Мұнда фрезерлік станокпен көп жыл бойы жұмыс істеген Иван Афанасьевич Нестеренкомен әңгімелеседі. Пионерлер Ленин ісіне адалдығына ант береді. Жас жұмысшыларға куәлік тапсырылады. Коллективтің кеңже мүшесі Асқар Файзутдиновтың былай дегені бар:

— Бұл документті мен ленинше өмір сүріп, ленинше еңбек етуге берілген кепілдік деп білемін.

Осындай биік мақсатты алға қойған коллектив ұйымшылдықпен еңбек етіп, аса зор шараларды жүзеге асыруда. Олар жұз тонналық баржалар мен кемелерді жөндеп, ашық айданға шырарады. Барлық цехтардың қайта жабдықталуы, жаңадан механикалық құю цехи-бың салынуы өндіріс қуатын арттырумен бірге ауыл шаруашылығы машиналарын жасауға да мүмкіндік беруде.

Заводтың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарында жүзеге асырылар алуан-алуан шаралар бар. Солардың арасынан мына бір деректер еріксіз көз тартады. Әрбір цех жанында тұрмыстық қызмет көрсететін арнаулы орын болады. Жаңадан 20 тұрғын үй салынып, 250 орындық асхана, балалар бақшасы пайдалануға беріледі.

Арал ауданының айбынында қос тұлға — балық өнеркәсіп бірлестігі мен кеме жөндеу заводының қазіргі тынысы, міне, осындай! Мұндағы мың жарымға жуық коммунистік еңбек екпінділері, екі жүзден астам ақылшы-ұстаздар өндірісте қозгаушы құш болып отыр. Бір кезде жоғарғы білімді бір гана маманы бар аймақта сінді ондай кадрлар саны онда, жүзден саналады. Бұл — ұлы көсем шапағатынан, коммунистік партияның аталақ қамқорлығынан туған құбылыс.

## ЕГІЗ БЕЙНЕ

«Кең дүние... Тар ғана бір жол тарттым, қызғаныш етпе кең дүние... Мұндасым да, сырласым да ең, туған жер!..»

Тастағы бейне осылай деп шер төгіп тұрғандай. Тағы да бір мұндың күй құлаққа шалынғандай болады: «Ата-анам ақ батаңды аттап кеттім. Тентек ел талқысына тастап кеттім...»

Қайран, Еңлік! Шыңғыстың шыңырау шатқалынан талып естілген сенің зарынды Сыр бойының байтақ жұртына жеткізген Дәмелідей аяулы сіңліңнің болғанын айтсайшы!

Дәмелі! Жанып өттің, жанып сөндің. Асыл адамдардың ғұмыры кысқа болатыны неліктен екен?!

Мен тасқа табынғандай телміре қараң тұрмын. Қанары жәудіре-

ген, қырлы мұрын, ақсұр жүзді жас сұлу өзгеше бір пәк сезіммен сыр шертертін сияқты.

— Өмірге құштар едім, ғашық едім. Сондықтан ертерек есейдім білем. От-жалаңды жылдардың өнегесі де өзгеше еді ғой. Сахнада Еңлік бол ойнап, мінбеде әйел тенденсін қорғап сөз сөйледік. Мешітке мінәжат еткен бол барыш, шаршы топта дін жолын әшкереледік. Сауат ашу мектебіне сабак бердік. Жалаң үгіт, жаттанды насихаттан горі тәрбие жұмысының әлгідей әдісі әсерлі болатын. Ағымнан жа-рылайын, мен онер қуған жан емеспін. Өнер тек жұрт жүрегіне жол табу үшін керек болды.

«Мен онер қуған жан емеспін!» Бұл пікірге қосылу қыны. Мыжырайған ескі завод үйінде «Еңлік — Қебекті» қойған кім екен? Қошпелі қызыл отауда «Қызыл сұңқарларды» қойған кім екен? Кетпеншінің қамыс күркесінде Қарагөз ролін орындаған кім екен? Бояусыз нұрлы жұз, сұлу әуен артистік машиқты онша көп керек етпейтін. Табиғи, дара тұлғаны көретінбіз. Біз ойын үтсінде Дәмелінің комсо-мол қызметкери екенін де ұмытатынбыз.

— Жосалылықтар осылай дейді. Осы рас па? — деймін қыз бейнесіне үңіле қарап.

Ол тіл қатпайды.

— Мақтан сөзді ұнатпаушы еді, қолпаشتауды қаламаушы еді...  
Бұ да Дәмелі құрбыларының пікірі.

Жас қыршын жанды да сөнді. Не бәрі жиырма жыл ғана жасады. Ол Шымкенттегі оқытушылар училищесін бітірерде, он бес-ақ жаста еді. Қармақшыдағы Қарақожаның мешітін бұздырып, клуб салды-рарда он алты жаста болатын. Аудандық комсомол комитетінің пионер бөлімін басқарып жүргенде он жетіге де жетпеген-ді. Сол шақта Әузов сынды әйгілі жазушының пьесаларындағы басты рольдерде ойнады. Ал көз жұмар алдында құрбыларына былай дегені бар екен:

— Біз жақсы бір істі қолға алыш едік, соның жемісін көре алмай барамын. Кейінгі толқын риза болсын десендер, клуб құрылышын жалғастырындар.

Кейінгі толқын! Иә, ол жарық дүниеден өтерде де жас үрпактың қамын ойлаумен болды. Ал жас үрпақ ұмыт болған аяулы жанды жатпай-тұрмай іздестірді. Шалғай шеттегі ескі қорымды шарлап жүріп, Дәмелінің қабірін тапты да. Сүйегін әкеп, аудан орталығына жерледі. Сол жерде енді заманнан заманға жетерлік ескерткіш тұр. Ескерткіштегі сүйкімді бейне астында алтынмен қақталған айшықты жазу бар:

«Алғашқы комсомолка — Дәмелі Мырзалиева. 1913—1933 жыл». Іштен шалар дүшпанға, қыр астында қойнына қанжарын тыққан тап жауына алдырмадан ер қыздың қапыда тосын кеселден қаза тапқаны қынжылтады.

Көңіл құлазып, ой ауыр тартып бей-жай күйге түскен сэтте біреу дыбыстағандай болды. Әйел даусы:

— Інім, көп тұрдыңыз, көп тебірендіңіз, Дәмелі кіміңіз еді? — Эйел әжім басқан ашаң жүзін сәл тайдыра беріп: — Мен оның жақын-жуығын жақсы білуші ем, сізді шырамыта алмадым. Қай жақтансыз? — деді.

Жөн-жосық біліскең соң:

— Өзім де осылай жорыған едім, сырт жердең келген қонақ екенсіз ғой, үйге жүріңіз, шай-су ішіңіз. Аты-жөнім — Сақыпжамал Қаленова. Дәмидің (Дәмелі) аяулы досы, жан құрбысымын.

Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Зіңкиген бір қыш үйдің тұсынан өте бергенде:

— Дәми іргесін қалаған клуб осы болады, — деді Сақып апай.

— Жаңып тұрған гүл еді ғой ол. Комсомолдық жорық, мәдени жорық, жексенбілік жорық — бәрі-бәрі Дәмидің жасаған бастамалары еді.

Өзен жағалауындағы ескі үйлердің жанына келгендеге, апай тағы да сыр шертті.

— 1928 жылдары мұнда жұн тазалайтын кәсіппшілік болған. Құллі Жосалы азаматтары осында жұмыс істейтін. Дәми ликбез ашты, сабак өткізді. Келер күн, жарқын болашақ жайында талай-талай жалынды сез сөйледі.

Шағын бөлменің төргі қабырғасынан тағы да нұрлы бейне көзге оттай басылды. Құлтеленген қолаң шаш қызы төсіне құлай түсіпті. Қарлығаш қанатындағы қызыңша қас пен көмкерілген биік қабақ астынан қарақат көз мөлдірей көрінеді. Жұмыр иек үстінде тарыдай ғана мен бар. Одан жоғары үлбіреген уыз ерін. Қысқасы, бұл әйгілі суретшінің қиялынан туған хас сұлудың көркем келбеті іспетті. Сол сұлулық ізін Сақып апайдың тосаң тартқан әжімді жүзінен іздеуге тура келді. Жоғалғаны да, жоғалмағаны да бар екен.

Іштей таңырқаймыз. Тән сұлулығы мен жан сұлулығы қалайша үйлес келген?

Ғажапты қараңыз, Дәмелі жоқта Еңлік ролін Сақыпжамал орындаған. Дәмелі жоқта жиын-кеңесті Сақыпжамал басқарған. Соңда тосын көз мұның қайсысы Мырзалиева, қайсысы Қаленова екенін айыра алмаған. Айыра алмаған соң, анығын білуді әлгі екеуінің кызметтес, жорықтас құрбылары Айша, Құләй, Сәлима есімді қыздардан сұраған.

Алуан-алуан альбомдар ашылды, алуан-алуан естеліктер ақтарайлды. Хаттар қаншама, ескерткіш үшін сыйға тартқан бүйымдар қаншама? Араб әрпімен жазылған мына бір өлең оқыстан ой тұдырды.

Ақ жібектен көйлегім бар,  
Тоқығандар өлмесін.  
Паранжаны тастатқан,  
Комсомолдар өрлесін!

Олақтау жазылған осы өлеңнің неге керегі болды екен?

— Біз отызыншы жылдары ескі салт-санага, әдет-ғұрыпка қарсы күрескен едік,— деді Сақып апай құлімдей түсіп.— Осыған орай төңірегімізге әр ұлттың өкілдерін топтастырудық. Сонда өзбек қызы Мұкәрама әлгі өлеңді айтып, жар салатын.

Сүйсінбеу қын.

— Біз қызметтен тыс<sup>\*</sup>уақытта құрылыс салдық, қоғамдық жұмыс атқардық, халыққа ойын-сауық көрсеттік. Сол үшін көк тиын алғымыз жоқ. Тиесілі қаржыны жастар клубына жабдық сатып алуға жинаңыз.

Сүйсінбеу қын.

— Жерлесіміз Жұмагүл Әдірова ВЦИК-тің мүшесі болды. Бұдан артық мақтанып болар ма! Ал мұның өзгеге өнеге боларлық маңызы ше! Комсомолдық бір жорықтан кейін отызға жуық қыз сонымыздан ерді.

Сүйсінбеу қын.

— Оның үстіне мен ол кезде ауруханада акушерка болып жұмыс істеуші едім.

Қашшама қыруар істі тындырған, қашшама патриоттық өнеге көрсеткен. Балғын шақтағы балдай тәтті қызығын, оттай ыстық махаббаты мен жас қайратын жаңа дәуірдің жасампаз иглігіне жұмсапты.

Шынында да сүйсінбеу қын.

Сақыпжамал кітапханаға қарай бетtedі. Бір кезде Дәмелі екеудің өздері оқыған әдебиеттерді жинастырып, жастардың басын қосқан той. Сол жерде енді білім ордасының берік іргесі қаланыпты. Апай үлкен кітапхананы басқарады екен.

Менің көз алдыма қатар өскен қос гүлдей егіз бейне елестей берді.

## МҰРАТБАЕВ МҰРАТЕРЛЕРІ

Орта Азия және Қазақстан комсомолын алғаш үйымдастырушылардың бірі, Түркстан Жастар Одағы Орталық Комитетінің жауапты секретары, КИМ атқару комитетінің мүшесі, талантты үйымдастырушы Гани Мұратбаев 1902 жылы, 3 июнь күні Қазалы ауданының қазіргі Мұратбаев атындағы колхозында туған. Ол не бәрі 23-ақ жыл өмір сүрді. Бірақ қамшы сабындағы қысқа ғұмырында кейінгіге өшпес із, өлмес өнеге қалдырып кетті. «Оның өмірінің ең басты мағынасы жастар арасындағы жұмыс болды. Орта Азияда оның қатысусынсыз бірде-бір үйым құрылған жоқ»,— деп жазды Түркстан Компартиясы Орталық Комитеті атқару бюросының бұрынғы председателі Нәзір Төреқұлов.

Аса қауырт іс, қарбалас жұмыс кезінде жабысқан қатерлі дерптің жаңындағы лапылдаған жас ұланды аурухана төсегіне алыш үрді.

Сол сырқаттан F. Мұратбаев 1925 жылы 15 апель күні Москва қаласында қайтыс болды. Оны соңғы сапарға шығарып саларда В. И. Лениннің сенімді серігі П. И. Подвойский былай дең тебірене сөйледі: «Советтік Шығыстың аса көрнекті өкілінен, большевизмнің таңдаулы бұтағынан айрылдық. Мұратбаев аса ауыр жұмыста жаңып өтті».

Ал «Правда» газетінде мынадай қаралы хабар жарияланды:

«Гани Мұратбаев революцияның күрес отында туган Шығыстың жана ұрпағына жатады. Ол үлттық шектелуді білмейтін, ескіліктің қалдығынан жаны таза еді. Түркстанның қын кезеңдерінде жергілікті еңбекші халық пен Россия пролетариатының бірлігін нығайта отырып, өмірге пролетарлық бағытты енгізуге барынша күш-жігер жұмсады».

Іә, ол басқарған Түркстан Коммунистік Жастар Одағы бүкіл Россия Коммунистік Жастар Одағының құрамындағы аса беделді үйым еді. Гани РКСМ-ның IV съезіне қатысып, Орталық Комитетке мүше болды. Осы съезде оған СССР Төңіз Флотының құрметті теңізшісі деген атақ берілді. F. Мұратбаев 1922 жылы жастар интернационалының III конгресінде сөз сөйлем, Шығыс жастарының міндеттеріне тоқтады.

Іскер де талантты жетекші «Жас қайрат» (қазіргі «Лениншіл жас») газетін шығаруда айрықша белсенделік көрсетті. Орта Азия, Қазақстан жастарының Москвадағы Шығыс еңбекшілері Коммунистік университетіне түсүіне зор ықпал жасады. Ашықтан туысқандарға жәрдем беру аптасын үйімдастыруыш да осы Мұратбаев еді. Алғыр жас Карл Маркстің «Капиталын» ағылшын және француз тілдерінде оқып үйренді. «Мен Ганидай дарынды, табанды жасты көрген емеспін», — деп жазады комсомол ардагері Құсайынбек Эміров.

Бұгінгі ұрпақтар Ганидың өмірін мақтан тұтып, оның ісін Отанға, туган жерге шексіз берілгендейтің белгісі ретінде бағалайды. Республикамыздың көптеген оқу орындары мен мәдениет, спорт мемелері Мұратбаев есімімен аталады. Ол туралы түсірілген «Менің ағам», «Осынша қысқа өмір», «Біздің Гани» атты кинофильмдерді жүртшылық қайта-қайта көруден жалыңнайды. Оның үстіне байырғы комсомол қызметкерлері асыл азамат жайында құнды-құнды естеліктер жазды. Журналист Сейілхан Асқаров өз жерлесінің өмірі мен қызметіне орай деректер жинай жүріп, Ганидың сан жылдар бойы көзден таса болған қабірін тапты. Бұл іске Москвадағы Ветеринария академиясының аспиранттары, «Мосгорстройдың» комсомолжастары жанашырлықпен көмектесті. 1973 жылы F. Мұратбаев зиратына ескерткіш — белгі қойылды. Асыл ердің бейнесі мүсінделген кызыл гранитке «Түркстан Жастар Одағы Орталық Комитетінің жауапты секретары, КИМ атқару комитетінің мүшесі Гани Мұратбаевқа Қазақстан комсомолдары мен жастары атынан» деген алтын жазу өрнектелді.

Отан жүргегі Москваға барған Орта Азия, Қазақстан жастары

жалынды күрескердің бейтіне бір соқпай кетпейді. Олар ескерткіш алдында құрметпен бас иіш, жүрек сыйындаі алқызыл гүл шоқтарын қояды.

Қазалы қаласында F. Мұратбаевтың мемориалдық музейі ашылған. Мұнда 500-ге жуық экспонаттар, фото-документтер бар. Ғанидың парталас, қызметтес жолдастары жазған естеліктер өз алдына бір төбе. «Жарқын ісің жаңғырып, жасай бер мәңгілік», «Өмірі оның жыр-дастан» деген тақырыпта үйымдастырылған стенділер ерекше тартымды, мейлінше мазмұнды.

Музейге жыл сайын жеті мыңдан астам адам келіп кетеді. Музей қызметкерлері жер-жерлермен байланыс жасап, жаңа материалдар іздестіреді. Тұс-тұстан келген хаттарға жауап жазады, оқушы конференцияларын үйымдастырады.

Ал енді осы музейдің ашылуына о баста кімдер үйтқы болған? Ол № 17 мектептің мұғалімдері С. Төлегенов пен М. Жанзақов еді. Олар өздерінше ізденіп, материалдар жинастыруды да, орталық кітапханадан арнаулы бұрыш үйымдастыруды. Сол бұрыш кітап оқушылардың сүйікті мекеніне айналды. Бұл жағдай музей ашу керектігі туралы ой туғызды.

Осы мәселеге жергілікті партия, совет органдары белсене араласты. Қазір жан-жақты жабдықталған, төрт бөлмелі Музей үйі Мұратбаев өмірінен сыр шертетін шежіре мекені іспетті. Осыған тақаутұста Ғанидың ақ мәрмәрден қашалған өдемі бейнесі тұр. Оның маңы гүлмен, жасыл желекпен көмкерілген.

Аға үрпақ пен кейінгі буындардың кездесу жиындарында ел ардақтысының аты аталмай қалмайды. Осындай бір дәстүрлі бас қосуда ақын А. Тоқмағанбетов, профессор Ә. Қоңыратбаев, қарт коммунист М. Шәріпов бұрын-соң естілмеген тосын деректерді айтты. Мұнда Ғанидың өткірлігіне, алғырлығына байланысты фактілер бар еді. Шығыс жастары жетекшісінің В. В. Куйбышевпен етене танысып, революция жеңістерін қорғауга өзбек, қырғыз, тәжік жастарын жаппай жұмылдыруы үлкен жүрекке лайық өнеге ғой.

Ерлік істер тарихтың сарғыш беттерінде қалып қойса, не ауызекі әңгімeden әрі аспаса, бұл — орны толmas өкініш болар еді. «Ешкім де ұмытылмайды, еш нәрсе де естен шықпайды» деген бүгінгі жүрек сөзі талай-талай жақсылықтарға жол сілтеді. Қазалы ауданының жастары даңқты жерлестерінің ісін озық үлгімен жалғастыруға бағытталған аршынды қадамдар жасады. Колхоз, совхоздарда 20-ға жуық комсомол-жастар бригадасы құрылды. Бұл колективтер аудав экономикасын арттыруда тегеурінді күшке айналып отыр. Жас күрішшілер мен механизаторлар F. Мұратбековтың тұған күнін еңбекте еселі табыстармен қарсы алады. Қазалы вагон депосындағы автоматшылар бригадасы бұл күнде бір жарым жылдық тапсырманы орындаған шықты. Депо Мұратбаев есімімен аталды.

Осы аудандағы айтулы шопан, КПСС XXIV съезінің делегаты

Аманкелді Орынбаев, Қазалы станциясының операторы, партиямыздың XXV съезінің делегаты Лайық Орымбетова «Біз даңқты жерлесіміздің ісін жалғастырушылармыз» деп нық сеніммен айтады.

Жаңадан шаңырақ көтерген «Құмжиек» совхозында шопандардың сексен проценті жастар. Осы бір өршіл қауым ерте көктемде Г. Мұратбаевтың 75 жасқа толуы мерекесін биік көрсеткішпен қарсы алуға уәде берген еді. Сөз бен істің арасында айырма болған жоқ, Құмжиектіктер әр жүз саулыққа 116-дан қозы келтіріп, облыста жүлделі орынды жеңіп алды.

Мұндай серпінді істер басқа да мәдени-турмис салаларында кең қанат жаюда. Облыстық комсомол комитеті Мұратбаев атындағы әр түрлі өнер жарыстарын, спорт сайыстарын өткізді. Алуан-алуав саяхаттар ұйымдастырды. Жол-сапарларға үш мыңдан астам жас жеткіншектер қатысты. Олар аға үрпактар жүрген жерлерде, қызмет істеген орындарда болып, көптеген мағлұматтар жинады. Әсіресе, Таңкент, Түркстан сапарында Ғани өміріне байланысты жаңа деректер табылды.

Қызылорда құрылыш материалдары комбинатында А. Әбенов басқарған бригада «Октябрьдің 60 жылдығы атындағы колектив» атағын жеңіп алды. Енді осы коллектив мүшелері Мұратбаев атындағы жүлде жолында құресуде. Тереңзек ауданындағы «Тереңзек» совхозының күрішшісі, Бұқілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты А. Сейтенов қарамағындағы комплексті механикаландырылған звеноның мүшелерін мұратбаевшы болура шақырып отыр.

Бір кезде жақаевшылар қозғалысы да осылай әр жерден шаң беріп, ақырында, үлкен тұластық тапқан еді. Мұның астық молшылығын жасауда қандай роль атқарғандығын аз сөзben айтып жеткізу киын. Сондай-ақ, мұратбаевшылар онегесінің де келешегі зор.

### **«АҚСАҚАЛДАР СОВЕТІ»**

Бұл екеуін ешкім де, ешбір күш те айыра алмайтын тәрізді. Кешегі қасіретті соғыстың өзінде қос туыстың құшағы жазылмаған. Ұрысқа бірге аттанып, бір майданда жарапанып, ауылға да қатар оралды. Шыққан шығасы — сынық сүйем қабырга, жіліншіктің бір шыбығы, тірсекке түскен аз гана закым бар. Ел-жүрг азаматтың көзіне зар болып отырғанда, әлгідей кемістікті айту әбестік еді. Осыны ойлаған Жұзбаевтар келген күннің ертецине-ақ ақсай басып, егін даласына тартып кеткен. Содан бері қолдарынан кетпендері түскен жоқ, жұптары жазылған жоқ. Намыс — ортақ, табыс — ортақ. Бақдәулет Шіркейлінің қарқынды суындағы асып-тасып жатыр.

Шіркейлі демекші, осы бір ұлы арнаның бойына жас қауым егін салмақшы екен. Жаңадан құрылған комплексті звено құрамында Жұзбаевтардың көнже үрпактары да бар. Бірақ қайсысының Сөрсенбай

мен Сәрсенәлі еншісіне тиетінің сырт көз біле бермейді. Өмір бойы енші айырмаған ағайынға бала біткен бауыр басып кеткен. Кеше кешкілік Үсен, Рустем, Тыныштық есімді үш өрім жасаулы топқа қосылатындарын сездіріп еді. Қос қарияны мектептегі оқу-өндірістік бригадасының мүшелері шақырыш кеткендіктен шүйіркелесуге болмай қалды. Ендігі әңгіменің желісі жұмыс басында жалғаспақшы. Ақсақалдар алдынан «көкелеп» үш немере шықты. «Көкелеуге» бата алмай және бір жас өскіндер тұр.

Кіші Сәкен парторг жігіттен сыр тартты. Марат Сактарапов жастарға жан-жақты жағдай жасалатының жүйе-жүйесімен айтып берді. Жайлы төсек, жақсы орын, жаңа техника, жердің шұрайлысы, судың қолайлысы осыларға іріктелген. Бүгін жас колективтің тұсауын кеседі. Осы салтанатқа үйымдар мен мекеме басшылары да шақырылған. Сөз арасында Сактарапов:

— Күріш «Шіркейлі» совхозының төл дақылы ма? — деп сұрады Сәрсенәліден.

Кіші Сәкен ағасына иек қақты. Үлкендігін сыйлайды, өзінен гөрі азулырақ болғандықтан айбынады. Сәрсенбай көп тостырған жоқ.

— Біздің жерімізге бидай бітетін, арпа өсетін. Күрішті басқа жақтан алдырдық. Оның өзі де бүгінгідей өнімді Краснодар, Кубань сорты емес, кәдімгі қазақ салысы.

— Мұнда тұқымды қалай жеткіздіңдер?

— Колхоз председателі Сейдахмет Қарабөкеевтің жауыр айғырына жаймалап артып бір қаптай дән әкелдік. Кейінгі тасымалға өгіз қости босаттық.

Парторг осы әңгімеге жас түлектерді де қатыстыруды жөн көрді. Соны сезген зерделі қарт «Осылардың өзі сүйекті сездің мәнісін түсіне қояр ма екен» деп іштей шубә келтірді.

Бір жылтың кара қол көтерді.

— Атам айтушы еді,— деді шіңкілдей сөйлеп.— Алғашқы астықты Ақмешітке жаяу арқалап апардық. Сонда біз қалжырап қалаға түнеп қалғанда, Жұзбай балалары сыр бермей, қырық шақырым жол жүріп, ауылға қайтып оралатын деп.

Қария күрсінді.

Жылтың кара сөзге кезек берер емес.

— Атам айтушы еді, Жұзбай балалары Шіркейлі каналын казу кезінде екпінді колхозны атап көрмеге жолдама алды деп.

Қария жүзі құлпырыш сала берді. Аз ғана шешек дағы бар ашаң өңінде өзгеше бір нұр ойнайды. Соナン соң дауысын көтере сөйлеп:

— Бұл сөзіңің де жаны бар,— деді.— Біз жорықта ер қаруы алмас қылыш болса, еңбекте оны құрыш кетпен деп түсінуші едік. Шіркейлінің ұстасы шыңдаған кетпенді көрші колхоздың азаматтары атын түсіп беріп алатын.

Ақсақал орнынан тұрды. Тұбін көрсетпей ағатын үлкен арнаға үзіле қарап қол бұлғады.

— Канал үлтандына экскаватордың мойны жете ме?

— Жете қоймас.

— Ал біз қайың сапты кетпенмен-ақ тұп етектегі топыракты жаға өткелексіз шығаратынбыз.

Кіші немере сез сабактады.

— Қеке, сіз көрші совхоздағы Ыбырай Жақаевтың кетпенін көрдіңіз бе?

— Қөргенмін, тым ауырлау екен. Ыбекеңнің өзі қайырдың талындаған қайратты адам ғой. Кетпенінің шүйделі, шетенді желуінө қарағанда, өз шамасына сәйкес болса керек-ті.

Салтанатты жиында үлкен Сәкең сез сөйлеген жоқ. Кіші Сәкең жалғыз ауыз лебіз білдірді.

— Біз жастарды еңбек бәсекесіне шақырамыз!

Жиын-терін кезінде екі күш тең түсті.

Жалағаш ауданына қарасты «Жақаталап» совхозында Жаңа Конституцияның негізгі жобасын талқылауға ариалран жиын өткен. Сөйлеушінің бәрі жүйрік, бәрі шешен. Ой-пікірін статья тұжырымдарына сыйдырып айтады. Құлаққа тосаң естілер үн де, сез де байқалмайды. Партияға, мемлекетке ризалығын да шынайы сезіммен білдіреді. Бірақ осынша жақсы лепесті анфара алмай отырған бір жаң бар. Ол мынау — ақ шұнақ шал.

Аудандық партия комитетінің секретары оған «сөйлейсіз бе» дегендей ыңғай танытты. Қария бас шүлғыды, ауыр қозғалыш, мінбеке көтерілді.

— Мен кереңмін, тас кереңмін. Кісі сезін ұқпаймын, өз айтқанымды да қағыс есітемін. Бұл дерт былтыр жабысты, сексен бес жасымда жабысты. Дегенмен, «бастаң құлақ садақа» дегендей оған қиналар жайым жоқ. Айтайын дегенім: біз кімге шағынарымызды, кімге сүйенерімізді білмей өстік. Жөн сілтер кісінің орайы табылмады. Сүйенері жоқтың сыйынары да қолдамайды екен. Бізге тәнірдің де рахымы түспеді. Шын жарылқаушының көкесін Октябрь таңы атқанда барып көрдік. Ұлы Ленин және оның партиясы жарлы-жақыбайды қанатының астына алды да, маңдайына шаң жуытқан жоқ. Біз жаңа заман мұраты үшін күш-жігерімізді сарқа жұмсауға серт еттік.

Қарт Заң жобасы жазылған газеттің бүктеуін жазды. Ірі таңбаларды бармагымен нұқып тұрып:

— Мұны қалай атаң, бұған қалайша баға бергендерінді біле алмай тұрмын,— деді.— Өз басым осыны әрбір азаматтың қорғаны, қамқоршысы дер едім. Міне, заман жақсы, заң жақсы! Ал біздің жаман болуымызға жол жоқ.

Бақылау, қадағалау үнемі кемшіліктің сонында журмей, ол жақсылықтың жанынан да бой көрсетуге тиіс қой. Арага біршама уақыт салып, баяғы аксақал жайын сұрастырған едік. Ілляс Шүйдебаев бір

бөлімші егістігінің сүйн өз жауапкершілігіне алған екен. Бұған қалайша қуандасқа?!

Әмірде көп билетін, бірақ билетінің кәдеге асыра алмайтын бәтуәсіздер болады. Сонымен бірге аз білімін аздырмай ақылмен толғап, ажарландырып отыратын зиялы кіслер де кездеседі. Соның бірі Қожабек Жұмаев. Қазақы теңеумен айтсак, бұл — дөнен шал, алпыс екіде. Құрметті демалысқа шыққан еді, үйге сыймады, ауылға сыймады. Енді совхозда бақша өсіреді. Ойшөңгелдің еңкіштеу бір тұсына қос тіккен. Тынығар уақытын сонда өткізеді. Газет, журналдарға қапысыз көз жүгіртеді. Бір жолы Ленинград жазушыларының шығармаларын түгел шолып шықты. «Қоршау» өлеңін қайта-қайта оқып, ұзак-ұзак ойға шомды. Жұмаевтың ойынша жыр да, роман да, кинофильм де, симфония да өмір мен өлім белдескен тоғыз жүз күннің бейнесін бере алмайды. Өйткені, ол осынау жантүршігерлік ауыр оқиғаның бел ортасында болды ғой. Құзғындағай қаптаған жау самолетінің астында жүріп Ладогадағы «өмір жолын» қорғады. Аттың жалында өскен жігіт ұлы Петрдің арынды арғымағын бір көруге ің-кәр еді. Жастайынан өнерді, сұлулықты сүйетін ол Эрмитажды аралауға өте-мөте құштар-ды. Қарулы көтерілістің штабы болған қасиетті Смольныйдің босағасын аттау да өзгеше арман-ды. Соның бәріне мүмкіндік болмады. Соғыс алапатының кесірі.

Жұмаев жау құрсауының кирагандығын сипаттайтын сынған сақина бейнесін қатты ұнатып қалды. Қонымдысы осы екен деп топшылайды. Оқып жатпайсыз, тыңдал жатпайсыз. Әрі нұсқа, әрі қысқа. Ендігі арманы — өзі қорғаған қаланы емін-еркін аралау.

Қожекең қадірменді қария. Ұзақ жыл колхоз басқарып, шаруашылықтың шоқтығын үнемі асырып отырды. «Жас қайрат» Киров атындағы совхозға біріккенен кейін фермалар мен бригада жұмыстарын дүрілдетті-ақ. Сөзіне мінезі сай, мінезіне ісі сай азаматты қөшілік түгел құрметтейді.

Ал енді осылардың өндірістен, қоғамдық өмірден қол үзбеуінің сыры қайсы? Айрықша уақыт, өзгеше өмір тәрбиесінің әсерінен бе екен? Және бір шындықтың шырайы көрініс береді. Еңбек ардагерлерінің қай-қайсысы да ақсақалдар советінің мүшесі. Қоғамдық неғізде құрылған бұл ұйымның араласпайтын саласы кемде-кем. Совхоз өндірісінің де ілгері басуына ықпал жасайды.

Ұлы өзендердің ұсақ жылғалардан бастау алатыны сияқты тәуір өнегенің де төркіні болады ғой. Алпыс бесінші жылдың қоңыр күзінде бұрын-сонды құлақ естіп, көз көрмеген бір жақалықтың куәсі болу үшін Сырдария ауданына қарасты Абай атындағы совхозға сүйт аттанған едік. Оңашалау бөлмеге ауыл активтері мен сырт қонақтар жиналып қалған екен. Төрде төбедей бол, отырған кісінің бастама көтеруші екенін бірден әңғардық. Өз қызметін серіктік, артель ұйымдастырудан бастаған Доссан Елеусінов «Казрис» колхозын отыз жыл бойы басқарған. «Казристің» даңқы республикаға белгілі.